

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 90 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 шілдеде № 13983 болып тілкелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 468 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 14.07.2017 № 468 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электронды түрде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың

2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов _____

2016 жылғы 18 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Қ. Бишімбаев _____

2016 жылғы 23 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 90 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту тәртібін айқындайтын осы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 13-бабының 23-17) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту тәртібін айқындайды:

1) автобустар және шағын автобустар (жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар, жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған автомобиль көлігі құралы);

2) жүк автомобильдері (рұқсат етілген жалпы салмағы тіркемені қоса алғанда, 6 тоннадан астам немесе рұқсат етілген пайдалы жүктеме тіркемені қоса алғанда, 3,5 тоннадан астам);

3) мамандандырылған автомобильдер (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған);

4) арнайы автомобильдер (әр түрлі, басым көпшілігі көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған).

2. Отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығу тәртібі

3. Отандық автокөлік құралдары рұқсат құжаттары бланкілерімен алмасу жүргізілген шет мемлекеттерге шыққан жағдайда, тасымалдаушы бұрын берілген өтінімдер негізінде Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінде (бұдан әрі – Салық кодекс) белгіленген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алым сомасы төленгеннен кейін автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) беретін тиісті шетелдік рұқсат құжаттарын ала алады.

4. Әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат беру құжаты беріледі.

5. Пайдаланылған шетелдік рұқсат беру құжаттары оларды бұрын берген органға қайтарылуға жатады.

6. Тасымалдаушының оған берілген шетелдік рұқсат беру құжаттары басқа тасымалдаушыға беруіне жол берілмейді.

7. Егер шетелдік рұқсат құжаттарының бөлінген саны тасымалдаушылардың өтінім берген жалпы санынан аз болған жағдайда, тасымалдаушылардың арасында шетелдік рұқсат беру құжаттар бланкілерін бөлу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 тіркелген)

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына (бұдан әрі - Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары) сәйкес жүргізіледі.

8. Отандық тасымалдаушыларға мәлімденгеннен тыс шетелдік рұқсат беру құжаттарын беру басқа отандық тасымалдаушылар өздері мәлімдеген шетелдік рұқсат беру құжаттарының осы түрінен бас тартқан жағдайда жүргізілуі мүмкін.

9. Халықаралық қатынаста жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдауды тұрақты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсатын (отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тұрақты халықаралық тасымалдауына жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдауды тұрақты орындаған кезде күнтізбелік бір жыл қолданылу мерзімімен "А" түрінің шетелдік рұқсатын) беру Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіруін (шығуын), Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтуі тәртібі

10. Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіру (шығу), халықаралық қатынастағы жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиті рұқсат беру құжаты - жүруге берілген рұқсат негізінде жүргізіледі.

11. Үшінші елдің аумағындағы шығу пунктінен Қазақстан Республикасының аумағындағы бару пунктіне дейін немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы шығу пунктінен үшінші елдің аумағындағы бару пунктіне дейін жолаушыларды және (немесе) жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсат беру құжаты - шетелдік тасымалдаушылардың үшінші елден Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елге тасымалдауды орындауға берілген рұқсат негізінде жол беріледі.

12. Шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуге рұқсаттар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Рұқсат құжаттарының бланкілері қатаң есептегі бланкілер болып табылады.

Рұқсат құжаттарының бланкілерін дайындау, есепке алу және пайдалану Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

14. Рұқсат құжаттарын алу тасымалдаушыларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін көлік құралдары мен жүктерге кедендік құжаттарды кейіннен ресімдеу міндетінен босатпайды.

15. Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің арасындағы жүктерді, жолаушыларды және багажды халықаралық автомобиль тасымалдары халықаралық автомобильдік өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін қажетті рұқсат және басқа да құжаттар (халықаралық көліктік жүкқұжат (CMR), шот-фактура (инвойс), коносамент, Халықаралық жолдық тасымалдау кітапшасы, фитосанитариялық сертификат және басқа да құжаттар) Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес ресімделуге және автокөлік құралдарының жүргізушілерінде болуға және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарының талабы бойынша көрсетілуге тиіс.

17. Жолаушылар мен жүктерді шетелдік автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі пункттің арасында тасымалдауға жол берілмейді.

18. Мемлекеттерімен рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тепе-тең айырбастау жүргізілмеген шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүріп өтуі Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін транзитпен жүріп өтуге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

19. Өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгісіз Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүретін шетелдік автокөлік құралының жүріп өтуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше келісілмесе, Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін транзитпен жүріп өтуге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

20. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік рейстен кері бағытта бара жатқан шетелдік жүк автокөлік құралына Қазақстан

Республикасының аумағында жолшыбай жүк тиеуге Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуге арналған қосымша рұқсат болған кезде ғана рұқсат етіледі.

21. Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылар өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері бар автокөлік құралдарын пайдалануы тиіс.

Бұл ретте тіркемелер немесе жартылай тіркемелерде басқа мемлекеттің тіркеу және айырым белгілері болуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуі тәртібі

22. Уәкілетті орган белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары арқылы жүруге арналған автокөлік құралдарының жол беретін параметрлерінен көлемі, салмағы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша артық, жүгі бар немесе жүксіз, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуі рұқсат құжаттың – ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттың (бұдан әрі – арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлері "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 342 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11009 болып тіркелген).

23. Арнайы рұқсатты қозғалыс маршруты белгіленгеннен және Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдары береді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларына сәйкес арнайы рұқсатты уәкілетті органның не мемлекеттік кіріс органдарының басшысымен толтырады және мөрмен куәландырады.

24. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-класты қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру құжаты – Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат негізінде, арнайы бейімделген автомобильмен немесе осы мақсаттар үшін арнайы қайта жабдықталған басқа да автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК